


егемен

Архитектур

**Әлемге, Ғарышқа, Болашаққа жол ашқан... Тұңғыш!**



**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
«Ұлы дала Ұлағаттарын» оқығаннан кейінгі ой толғанысы**

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Елбасының «Ұлы Дағы Ұлағаттары» толғауын қазақтың Тәуелсіздігін алғып берген, сол Тәуелсіздіктің ұлы жүргі ел мұратын тарихтың аса бір курделі кезеңінің қайнар жатқан тұрлаусыз саясатының салқынына ұрындырып алмай, дауылы мен дауына тұтепей, оғына алдырмай, қасын дос етіп, жауын жанынан тапқызып, ұлтын ұлықтап, еңсесін көтеріп, есікте қалған басын төрге сүйреп, өлгенін тірілтіп, өшкенін жағып, сөнген сананы жаңғыртып, тұлетіп Әлемге, Ғарышқа, Болашаққа жол ашып берген және де өз халқының бағына біткен Нұрсұлтан Назарбаев сынды Адамзаттың асып тұған бір перзентінің саясаткер ретіндегі ғана емес, адами парасаттылығының Ұлағаты деп таныдық.

**«Уақыттың бетіне ұялмай тұра қарай аламыз!»**

Бірақ ең үлкен құш қару емес-татулық. Татулықты сұрап та, сатып та ала алмайсың. Оны саяси көрегендікпен ғана қалыптастыруға болады. Тәуелсіздігін енді ғана алғып, өшкені жанып, өлгені тіріліп отырған алагеуім шақта ел ішіндегі тыныштықты біз осылай қалыптастырық. Демек, біз татулық, бірлік атты бірегей жасампаздыққа сүйенген елміз.

**Нұрсұлтан Назарбаев,**

**«Ұлы дала Ұлағаттары» ой толғауынан.**

**Елбасы ел Тәуелсіздігінің 25 жылында көп этносты мемлекет қалыптастырып, қазақстандықтар бір мақсат, бір мұдде үшін бірлік пен ынтымакты жағдайда өмір сүріп, еңбек етуді үйреніп, әлемге үлгі көрсетіп отырган елміз!**

Оқытары мен тоқытары да бар, сонымен бірге өкінтері де бар көне тарихтың ескі қоламтасын қайра үрлеудің енді қажеті де бола қоймас. Өткенге салауат айтып, келер күндеріміздің қайыры мен жақсылығын тілейік те, ұлы істерге ұмтылайық. Қашан болсын өзінің жеке өмірінде де, мемлекеттік саясатта да «өнбес дауды өспес ұрпақ қана қуар» деген қазақы даналықты жанына серік етіп келе жатқан Елбасының «Ұлы Даңа Ұлағаттарындағы» жан мен ар тазалығының арқауын жалғап тұрған даналығының бір пара әңгімесін ойға салдық, еледік, екшедік, сабак болар көп жайды көнілге де түйдік.

Даралап айттар болсақ, Тұңғыш Президентіміз «саясаттың ең басты ұстанымы-бірлік» бола алатындығын зерделі зейінімен көкейіне тоқи білді де, Қазақстанның ішкі саясатын ынтымаққа ыңғайландырды. «Бірлігі жеткен ел озады, бірлігі кеткен ел тозады деген сөздің сорабын дөп басып айтқан халқымыз. Бірлік-біздің барлық женістеріміздің қайнар көзі. Бірлік бар жерде- тірлік бар. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Ата тарихымыздың тұжырымдарын есте ұстап, шежіре болып, айтылар ұлттық ұлағатты, тарихи ақиқатты жас ұрпақтың жадына мықтап сіңіруіміз қажет. Жас ұрпақ жүрегіне сонда жол табамыз, сонда ғана болашағына бағдар бере аламыз», -деген Нұрсұлтан Назарбаевтың (**«Ұлы даңа ұлағаттары.**

**(«Егемен Қазақстан», 2 қараша, 2016 жыл.)** бұл пайымында біздің елдің болашағының тағдыры ұштасып жатыр дер едік.

«Мениң бар тілегім де, зар тілегім де елдің бірлігі мен тыныштығы» деп Тәуелсіз мемлекет құрудың алғашқы күнінен бастап бірлік атты адами ұғымды барлық қазақстандықтардың санасына сіңіре білген Елбасы сол бірліктің алынбас қамал деп таныды. Солайы солай болды. Бізді бүгінгі биігімізге де, бүгінгі абыройымызға да Елбасының осы бірлік атты ұстанымы жеткізді.

1992-ші жылы Тәуелсіздігіміздің бір жылдығына арналып өткізілген Қазақстан халқы форумында Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру мәселесін айта келіп, аяғын енді-енді баса бастаған азаттығымыздың тағдыр шешті бір қадамын жасаған да болатын. Міне, сол Ассамблея Нұрсұлтан Назарбаевтың 1995-ші жылғы 1-ші наурыздағы Жарлығымен Президент жанындағы кенес құрылдып, ол ақылдасушы бір жүйеге айналды. Бұл қазіргі уақытта көпэтносты мемлекет құрудың әлемдік тәжірибесіне айналып отыр

және де Ассамблея қабылдаған «Қазақстанның ел бірлігі» Доктринасының тарихи мәні өзінің құндылығын еш қашан жоймақ та емес.

Алматы - Елбасының мәңгілік жүрек әні! Алматы-Елбасының әрдәйім жаңын жылдытып, көңілін тербел тұрар тал бесігі! Өзінің туған елің мен туған жерінді сүюдің тамаша ғибратында болып естілер «Біз Алатаудың бауырындағы Алматыға сыя алмай емес, Алматыны қыя алмай кетіп барамыз» деген Елбасының («Еуразия жүргегінде», 19-шы бет.) осы бір ауыз сөзінде ел Тәуелсіздігін тал бесігіне айналған Алматыны ардақтаумен бірге, сан ғасырлар бойы арман болған Тәуелсіздігіміздің бүгінгі және болашактағы тағдыры үшін ару Алматыны Сарыарқаның сайын даласындағы Есілдің бойына әкелу керек еді. Тәуелсіздіктің тағдыры халқымыздың тағдыры! Алайда қирап та қүйреп қалған экономикасы бар сол кездегі Қазақстанның жағдайында ел астанасын көшірудің өзі ақылға да сыймағаны анық. Елбасы көңіл түйсігіне салды. Ойланды, толғанды. Ақыры таласты сан алуан пікірлерге де қарамастан батыл қадам жасады. «Бораны ұлыған, аязы қақаған Арқаға барсын, өзі де кейін қайтып келер» деген сәуегейлердің айтқаны келмеді. Назарбаевтың айтқаны айна қатесіз болды да, бүгінгі Астана орнықты, төрткүл дүние сүйсініп отырған бүгінгі жаңа қала Астана салынды.

«Елорданы Отанымыздың орталық бөлігіне көшірудің аса маңызды стратегиялық, саяси-әлеуметтік, қоғамдық-руханияттық маңызды дау туғызбайтын шындық еді» және де «Ал астананы көшіру--қалыптасқан тарихты заман талабына сай жаңаша жазып, бұрынғы ұстанымға басқаша тың парактар қосу деген сөз». («Ұлы дала ұлағаттары. («Егемен Қазақстан», 2 қараша, 2016 жыл.) Елбасының осы бір пайымды пікірлері ойлаған жанға енді айту жеңілірек шығар. Ал, астананы көшіру мен жаңадан салу басталған сонау 1997 мен 1998 жылдар ел тағдыры қыл үстінде тұрды дейтіндей өте бір қыын да ауыр кезең болғандығы ұмытыла да қойmas.

Ұлт Көшбасшысы қөреген де батыл, ерік пен жігері мол, қайтпас қайсарлығымен Қазақстанның шынай қол басшысы бола білді. Тарихтың сан аударылып түскен шаңының астына көміліп, ғасырлар бойы үні шықпай келе жатқан қазақты әлемдік тарих сахнасына алып шықты. Астананы құр салып қана қоймай Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз Қазақстанның Астанасын жиырма бірінші ғасырдың әлемдік тарихын жасаушы Астана айналдырды! Оған күэ-2010-шы жыл! Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ОБСЕ) Астана Саммиті әлемнің 56 дамыған дейтін мемлекеттерінің басын қосса, бұл Тәуелсіз Қазақстанның абырайын аспандатып асқақттаты. Әрине, әлемде Саммит өткізуғе әбден жарап та тұрған небір әйдік астаналар көп те, не бір астаналар да бар! Бірақ әлемде Назарбаев біреу ғана! Ол- қазақтың маңдайына жазған, бағына біткен бізде ғана бар Назарбаев! Иә, әлемде өзге де президенттер бар! Алайда, Ұлы даланың бір ұлы перзенті Нұрсұлтан Назарбаев адамзаттың жаңа дәүірінің саяси дүниесі мен келбетінің түбірінен өзгеруіне өз үлесін қоса келген және

де Нұрсұлтан Назарбаев бір ұлттың, бір мемлекеттің мұдделері аясында ғана шектеліп қалмай, жалпы Адамзаттың мұддесін ойлай келген өзінің адаптиетті даналығымен даралана келген планетарлық Тұлға болатын!

Бір ғана қазак даласына қырық жыл бойы қырғын салған бүкіл Адамзаттың үрей мен қауіптің уысында ұстап келген Семей ядролық атом полигонының жабуы және де Назарбаевтың ядролық карусыз әлем құрудағы батыл әрі адами бастамасы қазір «Әлем. XXI Фасыр» Манифесіне ұласып, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің бас құжаты ретіндегі басшылыққа алынса, Елбасының «**Уақыттың бетіне ұялмай тұра қарай аламыз!**» деуі әбден орынды!

Еліміздің де оның бүтінгі де келер ұрпақтарының да әлем алдындағы жүзі ашық та жарқын болғанға не жетсін?! Елбасы әлемге де болашаққа да баар жолымызды сабырлы саясатымен салып берді. Біздің әрқайсымыз сол уақыттың бетіне ұялмай тұра қарай алатындығымызben бақыттымыз!

**«Алла – адаптиетте, жүргегінді таза ұста!»**

**Алла да, иман да-жүректе. Ең алдымен, жастар жүргегін таза ұстасы қажет... Жастарымызға айтарымыз: өз дінінді қадір тұт, өгей дінге бас ұрма. Әрине жас кезде еліктеу басым болады. Бірақ жат діни ағымға еліктеу, елігу қауіпті екенін ұмытпаған жөн!**

Нұрсұлтан Назарбаев,

**«Ұлы дала ұлағаттары.» ( « Егемен Қазақстан»,**

**5 қараша, 2016 жыл.)**

**Елбасы ел Тәуелсіздігінің 25 жылында Астана қаласында 2003-ші жылдан бастап бес рет адам баласының өзі де, оның діні де жаралғалы сол Әлем діндері лидерлерінің форумын өткізіп, өркениеттер тоғысы кезінде жаһандық жаңа қатерлер бой көтере бастаған тұста түрлі діндердің ізгілігі мен жасампаздығын, ғасырлар бойғы Құдай сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді де ықпалды құралы ретінде пайдалануға жасаған сауапты ісі Адамзат тарихының ұлы оқиғаларының бірі еді.**

Аласапыранды заманның өкпек желі бізді де бетімізден қақпай қалып тұрган жоқ. Әлемнің әр түпкірін үрейде ұстап отырған түрлі радикальды діни жат ағымдарының ықпалы бізге де келіп жеткендей болып тұр. Тіпті лаңкестік әрекеттер жасауға барып та қалғандар кездесті. Мұны діннен емес сол дінді білмestіктен көру керек. Елбасы бізге осыны айтумен, осыны ұғындырумен келеді.

Діни наным мен сенім бостандығы бізге Тәуелсіздікпен келді. Бұл орайдағы әркімнің ерікті құқы Конституциямызда көрініс тапты. Кешегі коммунистік жүйе Құдайға сыйынуға тыйым салып тастаған болатын. Алайда, соған қарамастан өзіміз көрген жарықтық аталарымыз бен әжелеріміз жасырынып жүріп намаздарын оқыды, оразаларын ұстады, имандылықты жүректерінде сақтады.

- Кеңестік кезеңдегі қызыл террордың халықтарды құғын-сүргінге ұшыратудағы зорлық-зомбылығын өз өміріндегі тұрмыстық тауқыметтермен бірге бөліскең қазақ халқының сол кездегі жан дүниесіндегі үнсіз қарсылығы болатын. Қазақтардың босып келген халықтарды паналатуы мен адамгершілік қолын созы сол нәубетке іштей қарсылық болған шығар? Қара күшке қарсы қарапайым ақыл-парасатты қолдану ұлы күрес, имани майдан. Демек, біздің халқымыз--зайырлы жиһадтың үздік ұлгісін көрсеткен жұрт. Бұл біздің бүгінгі үрпақ үшін мәңгілік мақтан, өмірлік өнеге болса керек-, деген Елбасының бұл айтқандарында («**Ұлы дала ұлағаттары.**» «**Егемен Қазақстан**, 5 қараша, 2016 жыл.») адам баласына жақсылық жасау жиһадтың имандысы деген ұғымды алға тартады.

Дінді білместіктен адасып жатқандаймыз. Бұл үшін кешегі құдайсыз қоғамнан шыққандарды жазғыра беруге де болмас. Тәуелсіздік алғаннан кейін мешіттер ашылып, жаңадан салына да бастады. Жастарымыз да, тіпті мектеп оқушыларына дейін мешіттерге келе бастады, намазға жығылды. Құран сүрелерін жаттай бастады. Қуандық! «Ана көшениң бұрыш-бұрышында қаптаң тұрған сыраханаларға бармаса болды»-, деп маскүнемдіктен ығыр бола бастағандықтан «балаларымыз мешітке барып жүрсе, әйтеуір арақ ішпес» деп ойладық. Діннің де жат пиғылдысы болатынын білмедік. Оның үстіне шет елдерден ислам дінін уағыздаушылар келіп, шариғатқа сусап қалған халқымыз олардың айтқандарына имандай сенді, ұйыды, иланды. Олар ғасырлар бойғы халықтық кейбір салтымыз бен қалпымыздан шариғатқа қарсы жайларды тауып, соларды айта бастады. Тіпті домбыра тартып, ән айтуға да болмайды еken! Дүниеден өткен ата-бабаларымыздың аруағына арнап құран да оқуға болмайды еken! Сөйтіп ең әуелі дінбұзарлар көбейіп кетті де, мұның соны басбұзарлыққа әкеле бастады.

Елбасының «**Ұлы Дала Ұлағаттары**» ой-толғауының «**Дін мен Дәстүр**» деп аталатын бір парасындағы айтылатын пікрлер мен өситтерді біздің Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы өз уағыздарына енгізулері керек болар. Мемлекет басшысының дін мен дәстүр сабактастығы қатысты ойлары әсіресе жастар арасында кеңінен насиҳатталуы қажет. Өйткені Президентіміз айтып отырған біздің қоғамның «діни сауаттың аздығы, діни орындардың таза дінді жалған діннен ажырату бағытындағы дәрменсіз жұмыстарына» жетекші әрі көмекші құрал бола алары даусыз мәселе.

- Аруақты құрметтеу, бейіт басына барып дұға бағыштаудың, Наурызды қуана қарсы алып, жаңа туған аймен амандасудың дін алдында ешқандай да айыбы жоқ-, деп отырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бір аталы сөзіне тоқтағанымыз жөн ғой деп ойлаймыз. Елбасының осы аталақ пікірін ата-бабамыздың сан ғасырлық салты мен дәстүрін, әдеті мен ғұрпын мансұқ етіп жүргендерге сабырмен жеткізіп, санасына сініру міндет болса керек.

Ислам дінінің қасиеті мен ізгілігін қорғауға келгенде Назарбаевтай белсене кіріспі, Назарбаевтай кесімді ойы мен пікірін айтып жүрген әлем мемлекеттерінің де, тіпті Араб елдері басшыларының арасынан да ешкім шыға қойған жоқ. 2011-ші жылдың 11-ші қыркүйегіндегі Америкадағы сауда үйі мен Пентагонға жасалған шабуылдан кейінгі ислам фундамализмі дүниеге қатер төндіре бастады деп даурығулар басталған кезде Нұрсұлтан Назарбаев «Ислам әлемге емес, әлем ислам әлеміне қауіп төндіріп тұр»-, деуі және де Елбасының 2006-шы жылдың қыркүйек айының 12-13-тері аралығында Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II-ші съезінде: «Құдайды іздеу» пердесін жамылып барша ұлы ұстаздар айыптастын шын мәніндегі үрейлі әрекеттер жасалуда. Екінші жағынан, белгілі бір дінді агрессияшыл деп айыптаудың біржакты әдеті айқын әлпетке көшті»-, дей келіп осы заманғы саяси және экономикалық мұдделер діни қағидаттардан жоғары қойылып отырғандығына аландаушылық білдіргені де есімізде.

Міне, Елбасының ислам және өзге де дәстүрлі барлық ұлы Діндердің «рухсыздық пен қанағатсыздықтың алдына қойылған ең берік қамалдардың бірі» деп тұжырым жасауы және де қасиетті қазақ топырағында, Астана қаласында 2003-ші жылдан бастап, әр үш жыл сайын, 2006,2009,2012,2015-ші жылдары, бес рет өткізілген шараны «діндер арасындағы дипломатияның тілі ізгілік пен имандылық екенін түсіндіруге барынша әрекет жасадық»,-деп байламды ой айтуы адам баласының ниетін түзеу мен жүрегін ізгілендіруге жасалған сауапты бір қадам болатын.

- Қазақстан өзінің Ата Заңында ашық жазылғанындей, зайырлы мемлекет. Дін мен мемлекет бір-бірінен тәуелсіз. Бірақ қандай дін болмасын,, ол сол аймақтағы мемлекеттің дамуына өзінің теріс әсерін тигізетін болса, біз бұған жол бере алмаймыз. Біз үшін мемлекеттің тұрақтылығы,тыныштығы, берекебірлігі ең басты құндылық»-, деп Елбасы осы «Ұлы Дала құндылықтарында»

Мемлекеттік мұддені, Тәуелсіздігіміздің тағдырын бәрінен жоғары қойып отыр. Ел тағдыры мен Тәуелсіздік тағдыры жолында бірлік пен ынтымақ бәрінен де жоғары, бәрінен де қасиетті болуы керек деген Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанымы әр қазақстандықтардың басты ұстанымы болса етті деп ойдаймыз. Және де ақыл мен парасатқа жүгінейік. Тіршілігіміздегі сауапты ісіміз көп болсын, сол тіршілікке қиянат жасап, обалға қалып жүрмейік. Елбасының бізге айттар ғибраты да осы! Жүрегінді таза ұста!...

## «Өз Отанына өз баласы ренжи ме екен?!.»

Ел тірлігі, көпұлтты Қазақстанның бірлігі мен тыныштығы жатсам-тұрсаң қекейімнен кетпейтін маған жалғасып жатқан қазақ көшінің тағдыры тіпті де оңай сезіліп тұрмаганын айтқым келеді. Жырақтағы жұртың туған жерге жаутандап қарап отырса, кісінің жаны қалай жай табады?!

Нұрсұлтан Назарбаев,

«Ұлы дала ұлағаттары» ой толғауынан.

(«Егемен Қазақстан», 8 қараша, 2016 жыл.)

Елбасы ел Тәуелсіздігінің 25 жылында тағдырдың құлы-құлы кезеңдерінде көздерінен қанды жастарын сыға отырып, өз туған жерлерінен ауа көшіп, қыыр жайлап, тарыдай шашылып, кеткен өз бауырларымызды өз ата жұртымыздың қоныстандырып, қазақтың қайырлы ұлы көшін бастады!

Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құдайы бір сауапты ісі болатын! Олай деуіміздің негізгі бір себебі, ұлы көштің алғашқы легімен келген ақ сақалды ағаларымыздың әуежайдан түсе салып, көздеріне парлаған жастарын тыя алмай, қазақ жерінің топырағына мандаларын тигізіп, сол қасиетті топырақты сүйгендерін де, табандарының өз ата жұртына тигендіктері үшін бір Аллаға шүкіршілік айтып, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жан жүректерінен шыққан ақ алғыстарын айтып, ақ баталарын берген адам жанын толғанысқа салар жайды да көзіміз көрген болатын.

«Елге ел қосылса құт» деп білген халқымыздың қасиетті қағидасын және қазақтың қасиетті топырағын басқызбай қойған зұлым саясаттың құрбаны болып, ішкұса болып жүрген қазақтардың шері мен мұңын ұға білген Елбасы тіпті Тәуелсіздігіміздің елең-алаң сәтінің өзінде, яғни 1991-ші жылдың 31-ші желтоқсан күні қазақ радиосы арқылы шет елдердегі қандастарымыздың үн қатып, сөз сөйледі. «Ол сөз жан жүрегімнен қайнап шыққан еді» деген Елбасының туған халқына деген таза да мейірімді жүрегінің айнасы болатын. Сонан соң іле 1992-ші жылы Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайы өткізіліп, сол Ұлы жыында Нұрсұлтан Назарбаев тағы да тебіреністі сөз сөйлеп:

- Тәуелсіз Қазақстан дәuletіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызыда да, қаламызыда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған

Қазақстаннымыздың өсіп-өркендереге таяу жылдарда-ақ күә болады деп кәміл сенемін!,- дегенді айтЫп еді.

Елбасының дуалы аузынан шыққан осы бір ауы сөздің тарихи ақиқатқа айналғандығын енді көз көріп, көңіл илана білді. Тәуелсіздіктің 25 жылында Қазақстанға 1 миллионнан жуық бауырларымыз оралды. Көш көлікті де болды, жерікті де болды. Ел ішінде «өзіміз жарымай отырғанда бауырсынып, соларды шақырып неміз бар еді?» деген қанқу сөз де айтылмай қалмады. Алайда, Елбасы қандастарымызды өз ата жүрттарына орналастыруды Мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріп, шынайы қамқорлық пен жанашырлық жасады әлі де жасап келеді. «Әрине, жаңадан жерсінү, бейтаныс ортаға бірден бейімделу онай болмас. Кейде қыырдан келген қандастарымызды жайлы орналастыруда жекелеген жауапты адамдардың тарапынан болып жататын бойқүйездік пен тоғышарлық, жаны ашымастық пен жағдайды бағалай алмаушылық кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Мұндағы түйткілдер--мемлекеттің катесі емес, кейбір шенеуніктердің төрешілдігіне байланысты жағдайлар. Біз бұлардың бәріне сын көзben қарап, түзетіп, көңілге түскен қаяуды жоюға күш салатын боламыз», - деген Елбасының («Ұлы дала ұлағаттары», «Егемен Қазақстан», 8 қараша 2016 жыл.) осы айтқандарын зерделі көңілмен саралай білейік.

«Көнілге түскен қаяуды», -дейді Елбасы! Мұны кім аита алар?! Мұны кім және де не үшін айтЫп отыр?! Атасы мен діні басқаларды бауыримзға басып жылыта білсек те, өзіміздің қандастарымызға келгенде тарылып, тасбұйрек бола қалғанымыз да кездеспей қалған жоқ. Кездесті, болды. Сонда да алыстан арып-ашып, ата жүртім деп келгендердің көніліне қаяу түсірдік-ау дегенді ойладық па?! Елбасы сол біз түсірген қаяуды біліп, соған жаны ауырып отыр. «Көнілге түскен қаяуды жоюға күш салатын боламыз», - дейді тағы да! Осындай өз еліңнен, осыны айтқан өз Елбасыңнан айналсаң болмай ма?! «Адалдық-жан тазалығы! Біздің Президентіміздің туған халқы мен қазақ жерін мекендереп отырған барша ұлттар мен ұлыстарға деген жан тазалығы, адал сөйлейтін пейілі мен адал көнілі-елдің бағы», - деген бұдан біраз жыл айтқан бір пікіріміздің қайрадан бір ойға оралғаны болды.

Жасыратыны жоқ ішкі және сыртқы кейбір әсерлерден күштің біразырақ тоқтап қала жаздаған сәті де болды. Мұны да жасырмаймыз. Ата жүртқар оралғандарға Қазақстан азаматтығын берудің де мерзімін созып алдық. Әйтеуір бөгесіннің бола бергені де анық. Кейін Елбасының айтуымен Парламент депутаттары бұл мәселені занды түрде реттеді. Өзір азаматтық алуда еш бөгесін болып отырған жоқ. Бір түскен қаяу түзетілді, тігісі жатқызылды.

Сондай бір кезеңдерде, нақтылап айттар болсақ 2014-ші жылы Көкшетауда Баят Жанатұлы деген аса қадырлы жазушы ақсақалымыз қайтыс болып, марқұмды жерлеуге Монголиядағы ағайындары мен жекжаттары келді.

Қарсы алдық, күттік. Алыстағы қандастарымыздың жағдайларын сұрастырып, әңгіме-дүкен құрдық.

- Шеттегі ағайындар Қазақстан көшті тоқтатып таstadtы деп ренжіп жатқан жоқсыздар ма?,-деді сол арада әлдекім.

- Жоқ шырағым! Ол не дегенің? Өз Отанына өз баласы ренжи ме екен?!-деген салиқалы ақсақалдың мына аталы сөзіне риза болдым. Кеңінен танысып, ныспысын сұрап, қойын дәптеріме аты мен жөнін де, «өз Отанына өз баласы ренжи ме екен?», - деген сөзін де жазып қойған едім. Осы бір аталы сөзді айтқан адам—Монголия азаматы Құлай Онғараашұлы!

«Ағайынга арнап көп нәрсені айтқым-ақ келеді. Алайда, іштегінің бәрі сыртқа шыға бермейді ғой», -деген Елбасының осы бір жүрек түпкіріндегі жан сырын өзіміз сараптайтын, өзіміз зерделейтін, өзіміз түсіне алатын жасқа жеттік. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылында жақсыны да, жаманды да таныдық, көзіміз ашылды, көңілге көп жайды түйдік. Ол ең әуелі ел бірлігін сақтау! Жердің тұстасығын сақтау! Алауыздықты қойып, бір ауызды болып Мәңгілік ел болуды ойлау! Ұлымыз намыссыз, қызымыз қылышсыз қалмасынды ойлау! Тіліміз бен дінімізді таза ұстau! Ерінбей еңбек етіп, білім мен ғылымды менгеру және де Қазақстанды әлемнің дамыған отыз мемлекетінің қатарына тұрғызу! Бұл дүниенің төрт бұрышында жүрген әр қазақ перзентінің ойлайтыны болуы керек.

Әлемдегі бар қазақ-бір қазақ! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы Дағы Ұлағаттарында» айтқан осы бір ауыз сөзі ұлттың ұраны, Мәңгілік ел болуды мұрат етіп отырған халқымыздың бүгінгі де келер ұрпақтарының да саналарында сайрап, жүректерінде жазылып тұруға тиісті болмақ керек!

«Әлемдегі бар қазақ-бір қазақ!..» Елбасының бұл ұлағаты дөңгеленген дүниенің жұмыр жерін басып жүрген әр қазақ баласының санасында сайрап тұрар сөзі болуы керек.

**Жабал Ерғалиев, жазушы, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, Парламент Сенатының депутаты**